

Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы және "Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1118 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1496 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 1250 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.01 № 1250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

«Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. С а т ы п а л у б а ғ а с ы :

1) мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін:
ҚР СТ 1046-2008 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде (ҚҚС төлеушілер үшін);

2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін:
ҚР СТ 1046-2008 4-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 23700 (жиырма үш мың жеті жүз) теңге мөлшерінде;
ГОСТ 28672-90 2-сыныпты арпаның бір тоннасына 19400 (он тоғыз мың төрт жүз) теңге мөлшерінде;

3) мемлекеттік тұқым ресурстары үшін:
жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1118 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 58, 561-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

8

желтоқсандағы

№ 1 4 9 6 қ а у л ы с ы н а

ҚОСЫМША

Жаздық жұмсақ бидайдың және арпаның сорттық тұқымдарын сатып алу бағасы

1 тоннаға теңге

Дақылдың атауы	I репродукция		II репродукция		III репродукция	
	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып
Бидай	48 333	41 556	40 111	40 167	33 056	31 334
Арпа	42 500	34 750	35 500	30 250	26 667	23 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ